

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті



2024-2025 оқу жылына арналған
тәрбие жұмыстарының жылдық

ЕСЕБІ

Кентау 2025 ж.

Жылдық есеп Электр инженериясы кафедрасының тәрбие жұмыстарының жоспары негізінде жасалды.

Кафедраның тәрбие жұмыстарының жылдық есебін дайындаған:
Аға оқытушы Г.А.Шукенова

Жлдық есеп кафедраның № 10 «10» 06 2025 ж. мәжілісінде қаралды.

Кафедра меңгерушісі

З.К. Абдикулова

З.К. Абдикулова

2024-2025 оқу жылында Инженерия факультеті, Электр инженериясы кафедрасына қарасты академиялық топтарға эдвайзерлер және топ басшыларына кафедра тарапынан ұсыныс беріліп, төмендегі кесте бойынша тағайындалды.

№	Шифры, мамандық атауы	Топтар	Эдвайзердің аты-жөні	Топ басшысының аты-жөні
1	6B062- Электр техникасы және энергетика	ИЭЭ-411	Калимбетова Ж.С	Әбжаппар Зарина
2	6B063- Электр техникасы және автоматтандыру	ИАБ-411		Бейбіт Жұлдызай
3	6B062- Электр техникасы және энергетика	АЭЭ-311	Меирбекова О.Д.	Байдулла Балжан
4	6B063- Электр техникасы және автоматтандыру	АБА-311		Неманова Хуснора
5	6B062- Электр техникасы және энергетика	АЭЭ-211	Шукенова F.A.	Есенқызы Айханым
		АЭЭ-211o		Үсен Арман
6	6B063- Электр техникасы және автоматтандыру	АБА-211		Есенбек Нұртілеу
7	6B062- Электр техникасы және энергетика	АЭЭ-111	Мұхамеджанов Н.Б	Махмутова Гүлжан
8		АЭЭ-112 АЭЭ-111o		Болат Айзада
9	6B063- Электр техникасы және автоматтандыру	АБА-111	Агабекова А.Б.	Аленова Балжан

2024-2025 оқу жылында атқарылатын тәрбие жұмыстарының жоспары кафедра мәжілісінде талқыланып, факультет деканымен бекітілді.

Тәрбие жұмыстарының жоспары қоғамдық, адамгершілік рухани, салауатты өмір салты, эстетикалық, экологиялық, ұлттық-рухани және патриоттық, құқықтық тәрбие бағыттары бойынша жасалды. Жоспар бойынша академиялық топтарда жұмыстар атқарылды.

1.Атқарылатын мәдени, тәрбиелік, қоғамдық іс-шаралар

2024 жылдың қыркүйек айының 5-ші жұлдызында бірінші курс топтарымен акт залында кездесу ұйымдастырылды. Оған факультет басшылары да қатысты. Эдвайзерлер топтарымен жиналыс жасап, топ студенттерімен университеттің ішкі ережелерімен, соның ішінде студенттердің құқықтары мен міндеттері, студенттер курстан-курсқа көшіру GPA балымен, ХҚТУ-нің ішкі тәртібімен, білім алушылардың емтихан тапсыру ережелерімен таныстырды.


Қыркүйек айында “Менің жетістігім-менің нәтижем” тақырыбында Онлайн дәріс 26 қыркүйек 2024 ж. күні өткізілді. Онлайн дәріс Электр инженериясы кафедрасының профессор оқытушыларының еңбек жолына арналды. Кафедра профессор оқытушыларының Университет қабырғасында жүріп өткен еңбек жолында жеткен жетістігі мен нәтижесін ортаға салды.

Университетімізде, факультетімізде көп жылдан бері қызмет атқарып келе жатырған ұстаздар қауымымен қатар, өздерінің аса жоғары білімдерімен көзге түскен жоғары білімдерімен дара шапқан білім алушылар АЭЭ-311 топ білімгері Есенбек Нұртілеу GPA-3,14, АБА-111 топ білімгері Тұрсынбек Абылай GPA-3,23 білімгерлер 19.06.2024-21.07.2024 ж. аралығында Түрік аэроғарыш өнеркәсібінде (TUSAŞ) (TAI- Turkish Aerospace Industries) өндірістік тәжірибеден өтті. Бұл өндірістік тәжірибе білім алушылардың өз мамандықтарына сай жаңа технологияларды ойлап табуға, әзірлеуге және практикалық қолдануға деген қызығушылықтарын растауларына үлкен мүмкіндік берді. Одан бөлек, Түрік аэроғарыш өнеркәсібі тарапынан, түрік халқының тұрмыс тіршілігін, мәдениетін, салт-дәстүрлерін таныту мақсатында Түркияның бірнеше қалаларына тегін саяхат қарастырылды. Білім

алушылар Есенбек Нұртілеу мен Тұрсынбек Абылай осы өндірістік тәжірибе барысында алған әсерлерін, жинақтаған практикалық дағдыларын білімгерлерге паш етті.

Топ тәлімгері Ғ.А.Шукенова және топ студенттерінің ұйымдастыруымен Кентау кампусында 102 аудиторияда 24.10.2024 ж. күні сағат 12.00-де Кәсіби мереке-Кітапханашылар күні - "Кітапхана білімнің күншуағы" атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Осы айтулы мереке күні қарсаңында өзіміз білім алып жатырған Кентау кампусының Кітапхана бөлімінде ұзақ жылдар қызмет атқарған Уайсова Кулаш Убайдақызы, Мауленова Зауре Әбішқызы, Божбанбаева Райхан Курманбаевна және Байжанова Гулнар Сейсенбаевна апайлар қызмет етеді. Кентау кампусы кітапханасында 42000 мыңнан астам кітаптар қоры бар, қазақ тілінде-17827, түрік тілінде-9963, орыс тілінде-9432, ағылшын тілінде-2494, басқа тілдерде-625. 2024-2025 оқу жылында кітапханаға 1146 оқырман тіркелген. Оның ішінде 114 профессор-оқытушылар құрамы, 754 оқырман, атап айтсақ Инженерия факультетінің білім алушылар саны-407, 1 курс-131, 2 курс-84, 3 курс-72, 4 курс-120, 23-магистрант, 12-докторант, ТК-306, ТД-191, ТР-49, ҚБ-68. Кітапханада электронды кітапхана бөлімі жұмыс жасайды. Кітапханадағы кітаптар қоры арнайы база ИРБИС бағдарламасына толығымен енгізілген. Білім алушыларға кітаптарды таңдау тез арада қол жетімді.

Айтулы іс-шараға Кентау кампусы директоры, профессор Камалбек Мейрбекович Беркимбаев, Электр инженериясы кафедрасының меңгерушісі, техн.ғ.к., доцент Абдикулова Зағипа Қырғызбаевна қатысып кітапхана қызметкерлерінің еңбек жолын айтып өтті, қызметкерлердің жұмыстарына табыс тіледі. Білімгерлер кітап туралы ой-толғаныстар, мақал мәтелдер айтып жарысты, кітапханадағы бір жұмыс күні жайлы видео көріністер тамашалап, білімнің кітап арқылы берілетінін және кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасының көп екенін ұғынды.



Желтоқсан айының 03-06.2024 ж. күндері аралығында кәсіби мереке энергетиктер күні-«Мамандығым мақтанышым» атты апталық өтті. Апталық білімгерлер арасында дебат, пәндік олимпиада, командалық жарыс және спорт ойындарынан жарыс өтті. Серіктестеріміз ЖШС Кентау трансформатор зауыты қызметкерлерімен және Ташкент политехникалық институт профессор оқытушылары мастер класс, схемалар құрастыру сайысы және Факультет аралық спорт ойындары командалық жарысты қамтыды. Апталық барысында өткізілген іс шараларға Кентау трансформатор зауыты техникалық директоры Монтаев Бауыржан Насреддинович, Тилемисов Нурбол, «Кентау трансформатор зауыты» ЖШС-да сату бөлімі директоры Кенжебеков Мухтар Умирбекович, Кентау трансформатор зауыты электр механикалық бөлім бастығы Кушербай Аман Кадирханұлы, Кентау трансформатор зауыты кадр бөлімі бастығы Кабекеева Раушан қатысты.



Энергетиктер апталығының ашылу салтанатты іс шарасы



Командалық сайыс




Командалық сайыс

Командалық сайыс жюри құрамы бас инженер Кушербай Аман Кадирханұлы



Пән олимпиадасы



Студенттердің XXXIII ғылыми-теориялық конференциясында «Электр энергетикасы және автоматтандыру» секциясы бойынша 6B07153-Электр энергетикасы білім беру бағдарламасының АЭЭ-211 о топ білім алушысы Сарманов Алмас Орманұлының «Қайта жаңаратын энергия көздеріне негізделген термоакустикалық козғалтқыштың жұмысын зерттеу» тақырыбындағы ғылыми жұмыс І орын иеленді.





Энергетиктер апталығының жабылу салтанатты іс шарасы



Волейбол ойынының басты демеушісі профессор Камалбек Мейрбекович Беркімбаев бас жүлде командасын марапаттау сәті



Апталық бойы жүлделі орындарға ие болған білім алушылар КТЗ саяхат

Елімізде жүздеген кәсіпорындар көз алдымызда күннен күнге дамып, көркеюде, сондай кәсіпорының бірі қаламыздағы Кентау трансформатор зауыты АҚ. «Кентау трансформатор зауыты» АҚ өнеркәсіптік кәсіпорында энергия тиімділігін арттыру үшін ең жоғары тиімді жабдықтарды пайдаланушылар тізімін айтып жеткізе алмаймыз. Осындай ірі кәсіпорын басшылары апталық барысында үздік атанған білім алушыларымызға экскурсия ұйымдастырды. Ия, өздерінің мамандығын сүйетін, өздерінің қызметтерін адал атқарып жүрген азаматтардың еңбектерін біз әрқашан үлгі тұтамыз. Біздің мақсатымыз бәсекеге қабілетті білімді де, білікті маман атану.

01.03.2025 ж. күні “Бірінші наурыз-Алғыс айту” күніне орай 6В07153-Электр энергетикасы, 6В07154-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасы білім алушыларының ұйымдастыруымен ашық тәрбие іс шарасы Кентау кампусы оқу корпусымызда білімгерлердің оқу ісі барысын, корпусымыздың инфрақұрылымын өте жоғары деңгейде Кентау кампусының директоры, профессор Камалбек Мейрбекович Беркимбаев мырзаға, Инженерия факультетінің деканы Нажи Генч мырзаға ерекше алғыс айтамыз. Алғыс айту күні қазақстандық патриотизмнің, достық пен бірлігіміздің, мәдени сан алуандығымыздың жарқын күні. Алғыс айту күні еліміз үшін аянбай тер төккен барлық азаматтардың бір-біріне құрмет білдіретін күн. Біз ұстаздарымызға қамқорлықтарыңыз бен аялы алақан, жылы лебіздеріңіз үшін, берген білімдеріңіз үшін рақметімізді айтамыз. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз. Ұстаз болу аса маңызды және өте қиын мамандық, өйткені ұстаз білім ғана беріп қоймайды, жас жеткіншектерді болашақ үлкен өмірге дайындайды.

Бүгінгі ризашылық күнін және алдағы келе жатқан 8- наурыз халықаралық аналар мерекесін пайдаланып аналарымызға да басымызды иіп, рақметімізді айтамыз!



Құрметті жастар, жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқапан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естерінде сақтаңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңіздер және Табиғат-Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңыздар.

Аталмыш іс шара бойынша ақпарат факультетіміздің әлеуметтік желісінде жарияланды.

Бітіруші топ білімгерлері 03.03.2025 ж- 11.04.2025 ж. күндері аралығында диплом алды практикадан өтті. Дипломдық жобаларын алдын ала диплом қорғаудан және Антиплагиат нәтижелерінен өтіп, қорғауға жіберілді. Бітіруші топ білімгерлері 02.06.2025 ж- 04.06.2025 ж. күндері аралығында диплом жобаларын қорғау рәсімінен сәтті өтті.

1-3 курс білім алушылары 19.05-06.06. 2025 ж. күндері аралығында жазғы сессия өтті. 16.06-18.07.2025 ж аралығында жазғы академиялық қарыз пәндерін өтеу барысы бойынша сессия өтеді.

2. Студенттік клубтарға, үйірмелерге, қоғамдық бірлестіктерге қатысатын студенттер

«Жас энергетик» үйірмесі жұмыс жасайды, үйірме жетекшісі магистр оқытушы Н.Мұхамеджанов, үйірме мүшелері:

№	Аты-жөні	Тобы
1.	Аширбеков Ф	АЭЭ-311
2.	Аманкелді Ұ	АЭЭ-311
3.	Әлімхан Р	АЭЭ-311
4.	Байдулла Б	АЭЭ-311
5.	Ганиев Ю	АБА-311
6.	Оразәлі Ш	АБА-311
7.	Нұрыш Н	АЭЭ-311
8.	Умарханов С	АЭЭ-311
9.	Бабахон Ж	АЭЭ-111
10.	Ербақытұлы Н	АЭЭ-111
11.	Махмутова Г	АЭЭ-111
12.	Сарманов А	АЭ-211о
13.	Турсынбек А	АБА-111
14.	Түркістан А	АБА-211
15.	Шаметов Д	АЭЭ-111

3. Жатақханада тұратын студенттермен жүргізілген жұмыстар

Қыркүйек айында жатақхана қажет ететін студенттердің тізімі алынып, студенттер қажетті құжаттарды даярлап жатақханаға орналастырылды. Студенттерге жатақханада тұру тәртібі жайлы мәселелер қарастырылды. Топ эдвайзерлері және кафедра оқытушы-профессорлары жатақханада кезекшілік атқарды.

№	Шифры, мамандық атауы	Топтар	Студент саны	Жатақханада тұратыны	Жалдамалы пәтерде
1	6B07153-Электр энергетикасы	ИЭЭ-411	12	2	
2	6B07154-Автоматтандыру және басқару	ИАБ-411	6	1	
3	6B07153-Электр энергетикасы	АЭЭ-311	18	1	
4	6B07154-Автоматтандыру және басқару	ААБ-311	9	1	
5	6B07153-Электр энергетикасы	АЭЭ-211 АЭЭ-211о	4 3	1	
6	6B07154-Автоматтандыру және басқару	ААБ-211	4	1	
7	6B07153- Электр энергетикасы	АЭЭ-111 АЭЭ-112	18 12	3 3	- 4
8	6B07154-Автоматтандыру және басқару	АБА-111	18	3	4
Барлығы:					

Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, университет ішілік байқаулардың (жарыстар, олимпиадалар) жеңімпаздары туралы мәлімет

04-05.12.2024 ж. күндері студенттердің XXXIII ғылыми-теориялық конференциясы өтті. «Электр энергетикасы және автоматтандыру» секциясы бойынша 6B07153-Электр энергетикасы, 6B07154-Автоматтандыру және басқару білім беру бағдарламасының білім алушылары қатысты, секция бойынша жалпы баяндамашылар саны-20. Секция жұмысының нәтижесі бойынша I орын-АЭЭ-211о топ білім алушысы Сарманов Алмас Орманұлы. Ғылыми жұмыс тақырыбы: Қайта жаңаратын энергия көздеріне негізделген термоакустикалық қозғалтқыштың жұмысын зерттеу. II орын – АЭЭ-111 топ білім алушысы

Ербакытұлы Нұрсұлтан. Ғылыми жұмыс тақырыбы: Қосалқы станция жабдықтарын диагностикалаудың заманауи әдістерінің тиімділігін бағалау және АЭЭ-311 топ білім алушысы Дүйсенбек Серік. Ғылыми жұмыс тақырыбы: Күн панельдерінің күн сәулесіне бағдарлануына байланысты көлбеу бұрышын есептеу және таңдау. III- орын АЭЭ-111 топ білім алушысы Құрманбек Ердәулет. Ғылыми жұмыс тақырыбы: Бақылау жүйесімен күн қондырғысын жетілдіру және АЭЭ-111 топ білім алушысы Болат Айзада. Ғылыми жұмыс тақырыбы: Жылыжайда пайдаланылған топырақты өндеуге арналған электрогидравликалық жүйені зерттеу (Юткин эффектісі) және АЭЭ-111 топ білім алушысы Базарбай Айда. Ғылыми жұмыс тақырыбы: Жазық күн коллекторының жылу өнімділігі. Ең үздік деп танылған білім алушылардың баяндамалары Білім және ғылым министрлігіне Республикалық конкурсқа жіберілді. Ғылыми теориялық конференцияда I орын иеленген АЭЭ-211 о топ білім алушысы Сарманов Алмас Орманұлының “ Қайта жаңаратын энергия көздеріне негізделген термоакустикалық қозғалтқыштың жұмысын зерттеу” тақырыбындағы ғылыми жұмысы Арнайы сертификат иеленді.

4. Студенттер арасында орын алған тәртіп бұзушылық, қолданылған іс-шаралар
2024-2025 оқу жылында топтарда тәртіп бұзушылық орын алған жоқ.

5. Оқу жылында орын алған қайғылы жағдайлар (қайтыс болғандар, жол апатына түскендер, т.с.с.)
2024-2025 оқу жылында топтарда қайғылы жағдайлар орын алған жоқ.

«Электр инженериясы» кафедрасының
тәрбие жұмысына жауапты, аға оқытушы



Ғ.А.Шукенова